

Аршалы ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Ережелерін бекіту туралы

Күші жойған

Ақмола облысы Аршалы аудандық мәслихатының 2011 жылғы 13 желтоқсандағы № 43/3 шешімі. Ақмола облысы Аршалы ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 11 қаңтарда № 1-4-198 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Аршалы аудандық мәслихатының 2012 жылғы 6 желтоқсандағы № 10/3 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Аршалы аудандық мәслихатының 06.12.2012 № 10/3 шешімімен.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабына, «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңының 97 бабына сәйкес, Аршалы аудандық мәслихаты ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Аршалы ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Ережелері осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі

Аршалы аудандық мәслихаттың
сессия төрайымы *Р.Федорова*
Аршалы аудандық
мәслихаттың хатшысы *Ю.Сериков*
«КЕЛІСІЛДІ»
Аршалы ауданының әкімі *Е.Маржықпаев*

Аршалы аудандық мәслихатының
2011 жылғы 13 желтоқсандағы
№ 43 / 3 шешімімен
БЕКІТІЛДІ

Аршалы ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету туралы ЕРЕЖЕЛЕРІ

Осы тұрғын үй көмегін көрсету Ережелері (бұдан әрі- Ережелер) «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңына, «Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы» 2009 жылғы 14 сәуірдегі № 512 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына, «Тұрғын үй көмегін көрсету Ережесін бекіту туралы» 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес әзірленді және Аршалы ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін тағайындаудың мөлшерін және тәртібін анықтайды.

1. Жалпы қағидалар

1. Тұрғын үй көмегі жергілікті бюджет қаражаты есебінен аудан аумағында тұрақты тұратын аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) ұсынылады:

жекешелендірілген тұрғын үй-жайларда (пәтерлерде) тұратын немесе мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үй-жайларды (пәтерлерді) жалдаушылар (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған шығыстар төлемін ;

тұрғын жайдың меншік иелері немесе жалдаушылары (қосымша жалдаушылары) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) коммуналдық қызметтерді және телекоммуникацияның желісіне қосылған телефонға абоненттік ақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтыну төлемін;

жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғын жайды пайдаланғаны үшін жалға алу ақысын төлеуге тұрғын үй көмегін көрсету жөнінде шаралар қабылдайды .

Аз қамтамасыз етілген отбасылардың (азаматтардың) тұрғын үй көмегін есептеуге қабылданатын шығыстары жоғарыда көрсетілген бағыттардың әрқайсысы бойынша шығыстардың сомасы ретінде айқындалады.

Тұрғын үй көмегі телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының, тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының ұлғаюы бөлігінде тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған шығыстар төлемін арналған жарналарға, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін тұтынуға нормалар шегінде ақы төлеу сомасы мен отбасының осы

мақсаттарға жұмсаған шығыстарының шекті жол берілетін деңгейінің арасындағы айырма ретінде айқындалады.

Тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерді тұтынуға ақы төлеуге шығуы мүмкін шығын үлесінің шегі - егер отбасының жиынтық табысының 15 % мөлшері белгіленді.

Тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерді тұтыну белгіленген көлемнің нормасынан жоғары болса, төлем жалпыға бірдей негізде жүргізіледі.

2. Жәрдемақы шараларымен қамтамасыз етілетін тұрғын үй көлемінің нормасы бір адамға 18 шаршы метр, жалғыз тұратын азаматтар үшін жәрдемақы шараларымен қамтамасыз етілетін тұрғын үй көлемінің нормасы 30 шаршы метр мөлшерінде қабылданады.

Электр қуатын беру нормасы бір адамға айына 75 киловатт белгіленсін.

Жергілікті жылу берілетін жекеменшік үйлерде тұратын аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегі жылына бір рет ұсынылады, көмір нормасы бір рет алынады. Отын шығыны бір айға 1 шаршы метрге 199 килограмм мөлшері есепке алынады.

Аудан бойынша көмір бағасын есептеу үшін «Аршалы ауданының статистика бөлімі» мемлекеттік мекемесі ұсынатын тұрғын үй көмегін есептеу тоқсанының алдындағы тоқсанның соңғы айындағы жағдай бойынша орташа бағасы қолданылсын.

3. Тұрғын үй көмегін тағайындау және төлеу бойынша өкілетті орган болып «Аршалы ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі анықталды, бюджет қаражатын тарату бойынша өкілетті орган болып «Аршалы ауданының экономика және қаржы қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі анықталды.

2. Тұрғын үй көмегін тағайындау және төлеу

4. Тұрғын үй көмегі аз қамсыздандырылған меншігінде бір бірліктен көп тұрғын үйі (пәтер, үй) немесе тұрғын үйін жалға беретін, сондай-ақ еңбекке жарамды, бірақ жұмыс істемейтін, күндізгі бөлімде оқымайтын, әскер қатарында емес және жұмыспен қамту бөлімінде жұмыссыз ретінде тіркелмеген мүшелері бар отбасылардан (күтім көрсетуге мұқтаж адамдардың күтімін жүзеге асыратындардан басқалары) басқа отбасыларға (азаматтарға) әр тоқсан сайын тағайындалады. Есептеулер ағымдағы тоқсанда жүргізіледі, ал отбасының өткен тоқсандағы табыстары мен коммуналдық қызметтерінің шығындары есепке алынады.

Тұрғын үй көмегі ағымдағы тоқсанға толық тағайындалады.

Отбасының табыстары, тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтердің

төлемдерінің тарифтері өзгерген кезде тұрғын үй көмегін тағайындау және төлеу бойынша орган бұрын есептелген тұрғын үй көмегіне қайта есептеулер жүргізеді.

5. Тұрғын үй көмегі тұрғын үй иесі немесе жалға алушының құжаттар қоса берілген өтініші негізінде тағайындалады:

1) өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
2) тұрғын үйге құқықтылығын белгілейтін құжаттың көшірмесі;
3) тұрғылықты тұратын жері бойынша тіркелгенін растайтын құжатты (мекенжай анықтамасын, не селолық және/немесе ауылдық әкімдердің анықтамасын);

4) отбасының табыстарын растайтын құжаттар;
5) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге арналған нысаналы жарнаның мөлшері туралы шот;

6) жергілікті атқарушы органмен (тұрғын үй инспекциясымен) келісілген, пәтерлердің меншік иелері мен жалдаушыларының (қосымша жалдаушылардың) жалпы жиналысында бекітілген кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеудің жекелеген түрлерін жүргізуге арналған шығыстар сметасы негізінде кондоминиум объектісін басқару органы ұсынатын және мөрмен, кондоминиум объектісін басқару органы басшының қолымен расталған кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге қаражат жинақтауға арналған ай сайынғы жарналардың мөлшері туралы шот;

7) тұтынылған коммуналдық қызметтердің шоттары;
8) телекоммуникация қызметтері үшін түбіртек-шот немесе байланыс қызметтерін көрсету шартының көшірмесі;

9) жергілікті атқарушы орган ұсынған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу мөлшері туралы шоттар.

Тұрғын үй көмегін тағайындау үшін өтініш берілген кезде ұсынылатын қажетті құжаттарды салыстырып тексеру үшін құжаттардың түпнұсқасы мен көшірмесі қоса ұсынылады, одан кейін құжаттардың түпнұсқасы өтініш берушіге сол күні қайтарылады.

Өзгерістер пайда болған жағдайда (тұрғын үй түрі, отбасы құрамы) өтініш беруші өзгерістер пайда болғаннан бастап он күнтізбелік күн ішінде өкілетті органды хабардар етеді.

Ескерту. 5 тармаққа өзгеріс енгізілді - Ақмола облысы Аршалы аудандық мәслихатының 2012.04.23 № 4/3 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен

6. Тұрғын үй көмегін өтініш берушіден құжаттарды қабылдап алғаннан кейін он күнтізбелік күн ішінде қарайтын және тұрғын үй көмегі тағайындалғаны немесе тағайындаудан бас тарту туралы шешім шығаратын тағайындау және төлеу бойынша өкілетті орган тағайындайды.

Тұрғын үй көмегін тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы хабарлама
б е р у :

уәкілетті органға жүгінген кезде тұтынушының тікелей өзі баруы не
п о ш т а л ы қ х а б а р л а м а а р қ ы л ы ;

халыққа қызмет көрсету орталығына өзі барған кезде қолхат негізінде онда
көрсетілген мерзімде «терезелер» арқылы күн сайын жүзеге асырылады.

**Ескерту. 6 тармақ жаңа редакцияда - Ақмола облысы Аршалы аудандық
мәслихатының 2012.04.23 № 4/3 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа
енгізіледі) ш е ш і м і м е н**

7. Ақпараттың сенімділігінде күмән пайда болған жағдайда тұрғын үй
көмегін төлеу бойынша өкілетті орган өтініш берушіден немесе тиісті
органдардан тұрғын үй көмегін алу құқығын растайтын қосымша мәлімет беруді
с ұ р а й д ы .

Уәкілетті орган, егер телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін
абоненттік төлемақының, тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының
ұлғаюы бөлігінде кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкін күрделі жөндеу
ақысы және (немесе) күрделі жөндеуге қаражат жинақтауға арналған жарналар,
коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін тұтыну отбасының
шығыстары шекті жол берілетін деңгейінен аспайтын болса, мемлекеттік қызмет
ұ с ы н у д а н б а с т а р т а д ы .

**Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - Ақмола облысы Аршалы аудандық
мәслихатының 2012.04.23 № 4/3 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа
енгізіледі) ш е ш і м і м е н**

8. Тұрғын үй көмегі ақшалай төлем түрінде «Қазпошта» акционерлік
қоғамының Ақмола облысы Аршалы аудандық пошта байланысы торабы
филиалындағы есепшоттарға түсіру жолымен белгіленеді.

Тұрғын үй көмегін төлеу қаржыландыру жоспарына сәйкес жасалады.

3. Тұрғын үй көмегін алуға үміткер азаматтардың (отбасылардың) жиынтық табысын есептеу

9. Аршалы ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар
бөлімі» мемлекеттік мекемесі тұрғын үй көмегін алуға үміткер отбасының (азаматтың)
жиынтық табысын тұрғын үй көмегін тағайындауға өтініш берген тоқсанның алдындағы
тоқсандағы табыстарынан Қазақстан Республикасы Кұрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі
Төрағасының 2011 жылғы 5 желтоқсандағы № 471 «Тұрғын үй көмегін алуға,
сондай-ақ мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді немесе жеке тұрғын үй
қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді алуға үміткер

отбасының (азаматтың) жиынтық табысын есептеу қағидасын бекіту туралы»
Бұйрығы негізінде есептейді.

Ескерту. 9 тармақ жаңа редакцияда - Ақмола облысы Аршалы аудандық мәслихатының 2012.04.23 № 4/3 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК